

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. Салық және салық салу

2. Сабақтың мазмұны:

1. Салық түсінігі, оның белгілері және элементтері
2. Салықтардың функциялары және олардың түрлері
3. Салық саясаты және оның мемлекеттің экономикалық саясатын жүзеге асырудағы рөлі.
4. Қазақстан Республикасының салық жүйесін құрудың принциптері.

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: салықтар және мемлекет ішіндегі салықтардың мәні мен маңызын анықтау; салықтардың функциялары және жеке тұлғалардың негізгі салықтарын зерттеу, азаматтардың салық төлеу түрлері мен тәртібін қарастыру; салық саясаты мен салық механизм мәні мағанасын ажырата білу; сонымен қатар, салық жүйесін құру принциптерін мәнін ашу.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- Үйге берілген тапсырманы тексеру
- Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру
- Пысықтау есептері
- Тақырып бойынша тест тапсырмасы (google формада)

Есеп-1: Зейнеткер Кәрімнің меншігінде 5,2 гектар және 6,2 гектар екі жер учаскесі бар. Бір жүз шаршы метр жердің кадастрлық құны 480 000 теңге құрайды. Салық мөлшерлемесі 0,3% болса, зейнеткер төлейтін жер салығының сомасын есептеңіз.

Есеп-2. «Биік өкше» аяқ киім жөндеу шеберханасында 10 қызметкер жұмыс істейді, орташа жалақысы айына 270 000 теңге құрайды. Жеке табыс салығының ставкасы 13%, сақтандыру жарналары (бірыңғай әлеуметтік салық) нақты жалақының 30% тең болған жағдайда цех иесі жұмысшылардың есепшотына қанша ақша аударады, ал мемлекетке қанша ақша аударады ?

Есеп-3. Алиса емханада медбике болып жұмыс істейді және сырттай жоғары білім алады. Оның емханадағы жалақысы айына 240 000 рубльді құрайды. 2023 жылы ол университетте білім алу үшін 400 000 рубль төледі. Алиса 2023 жылы қайтарылған салықты қайтара алатын соманы есептеңіз.